«Тамақтану сауаттылығы» атты іс-шара туралы мәлімет

16.01.2025

«Тамақтану сауаттылығы» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсатымыз оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін және сауатын қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Іс-шараға 1-4 сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Әлеуметтік педагог Р.Алимбекова оқушыларды асхананың жұмыс уақытымен таныстырып, асханада тамақтану тәртібі жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Игілікова К ас мәзіріне кіретін тағам түрлеріне тоқталып, күнделікті рационда болуы тиіс тағам түрлеріне, витаминдердің тәуліктік мөлшеріне байланысты ақпараттарды беріп, оқушыларды салауатты тамақтануға шақырды.

Сонымен қатар ас мәзірінде болған өзгеістер мен тамақтану қағидаларын бұзбау, ыстық тамаққа уақытылы бару, асхана мәдениеті жайла ақпараттар берілді.

Әлеуметтік педагог Р.Алимбекова

Мектеп медбикесі К.Игілікова

«Дұрыс тамақтану қағидасы» атты іс-шара туралы мәлімет

15.11.2024ж.

Ағымдағы жылдың 15 қараша күні Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану қағидасы» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат жаңадан ыстық тамақ ішетін оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, ыстық тамақ ішіп жүрген оқушылардан кері байланыс алып, анықталған олқылықтар бойынша жұмыстар атқару.

Іс-шараға 5-11 сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Р.Алимбекова «Асханада тамақтану тәртібі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Игілікова К Мектеп асханасында сақталуы тиіс санитарлық-гигеналық талаптар, асхана тағамдарының мөлшері, дұрыс тамақтану қағидалары туралы баяндама оқыды.

Оқу жылының II тоқсанында ыстық тамақпен қамтылған оқушылар асхана жайлы кері байланыс беріп, төмендегідей ұсыныстар айтты:

- Ас мәзіріне жеміс-жидек қосу;
- Ас мәзіріне сүт өнімдерін қосу;
- Мектеп асханасында сатылатын асхана өзінмдерінің ассортиментін молайту;
- Асхана жұмысын ұлғайту және т.с.с.

Әлеуметтік педагог ұсыныстар негізінде сөз қорытындылап, ұсыныстарды асхана жалға алушысына жеткізетінін айтты.

Әлеуметтік педагог Алимбекова Р

Мектеп медбикесі Игілікова К






Бұздың әдетшілер

«Шардара» мектеп - лицейі бойынша 2024-2025 оқу жылында 20-25 қыркүйек аралығында «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану » және жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылуды ұйымдастыруы бойынша сауалнамасын жүргізу туралы мәлімет

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған 1-4 сынып аралығындағы оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнаманы алудағы басты мақсат оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын сапалы ұйымдастыру ,мектеп асханасына және берілетін тегін ыстық тамаққа оқушылардың көзқарастарын білу,асхана жұмысының кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтау .Сауалнама қағаз түрінде өткізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны 245 оқушы. Сауалнама 7 сұрақтан тұрды. Сауалнама қортындысы шығарылып, ұсыныстар аспазшыға ескертілді.

Мектеп-лицей директоры: Ж.Сапаров

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шара туралы мәлімет

10.09.2024жыл.

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шарасы өткізілді. Іс-шараны өткізудің басты мақсаты – оқушылардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Іс-шараға 1-4 сынып ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Қ.Мұсақұлова «Асхана әдебі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Игілікова К « Дұрыс тамақтану, «Зиянсыз тағамдар» секілді тақырыптарда баяндама оқып, үнемі дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар, оқушыларға тамаққа бару кестесі, асханада өзін ұстау мәдениеті, ыстық тамаққа кешікпеу, тамақ сапасы туралы шағымдарды қабылдау бойынша ұсыныстар айтылды.

Әлеуметтік педагог Мұсақұлова Қ

Мектеп медбикесі Игілікова К

«Шардара» мектеп - лицейі бойынша 2024-2025 оқу жылында «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану » және жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылуды ұйымдастыруы бойынша ата-аналармен жүргізілген сауалнама туралы мәлімет

Мектепте атаулы көмек алатын және көп балалы отбасынан шыққан 60 оқушы мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылған. Сонымен қатар мектепте балаларының ыстық тамақ ішуіне байланысты «Сіздің балаңыз мектепте қалай тамақтанады?» тақырыбында сауалнама алынып, жинақталды. Сауалнама нәтижесінде ата-аналар мектептегі тамақтандыру қанағаттандыратынын , асханадағы күнделікті ас мәзірі тағамға сәйкестігіне ,тағамның сапасына жоғары баға берді. Асхананың жалпы санитарлық талаптары ,асхана қызметкерлерінің жұмысын жоғары бағалады.

Мектеп-лицей директоры: Ж.Сапаров

Сіздің балаңыз мектепте қалай тамақтанады?

Бұл сауалнама мектеп асханаларында тамақтану сапасын жақсарту мақсатында жүргізіледі.

Мерзімі: 23.09.2024

1. Сіз кімсіз?

А) Ата-ана Ә) Оқушы Б) Мұғалім

2. Сіз мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанасыз ба?

А) Иә Ә) Жоқ Б) Қызық емес

3. Балаларыңыздың тамақтануы туралы ақпаратты қайдан аласыз?

А) Мектеп сайтынан парақшадан Ә)Сынып жетекшісінен Б)Instagram В) Ақпарат алмаймын

4. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыруда сізге не ұнамайды?

А) Біздің отбасымыз үшін қымбат сапасына қанағаттанбаймыз Ә) Дәмді емес, тағамдардың ыңғайсыз Б)Тамақтану бөлмесі В)Тағамдардың біркелкілігі Г)Барлығы қанағаттандырады

5. Неліктен сіздің балаңыз мектепте тамақ ішпейді?

А) Сапасы ұнамайды Ә) Бағасы қол жетімсіз Б)Мектепте тамақтанады

6. Сіз мектептегі балалардың тамақтануын бақылап, жоспарлағыңыз келе ме?

А) Иә Ә) Жоқ

7. Қазақстандағы мектептегі тамақтандыру стандарттары туралы білгіңіз келе ме?

А)Иә Ә)Жоқ


ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ –
ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

